

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

қазіргі кезеңге дейінгі қоғамдық тарихи формацияның ауысып отыруына байланысты болып оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, тарихи оқиғалық кезеңдердіде қарастыруымыз керек.

Төзімділікті қалыптастыратын қазақ халқының өзіндік әлеуметтік нормаларын, дәстүрлері мен жоралғыларын жалпы адамзаттық мәні бар мәдениеттің материалдық емес мұралары ретінде қарастыруымыз қажет. Сондықтан да жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыру барысында негізгі мақсат ретінде – тарихи танымды тұтас, жағымды және қоғамды біріктіретін мағынада қабылдауға жағдай жасау. Тарих - қазақ тарихы, қазақ қоғамы, оның этногенезі толыққанды, яғни мындаған жылдар бойы үздіксіз жүрген үрдіс түрінде оқытылып және де маңыздылығына сәйкес зерттелуі тиіс [7,36-6].

Этносаралық қатынас негізінде өзара әрекет жасайтын халықтардың дәстүрлі түсіністігінде, көзқарасындағы, мүддесіндегі, дәстүрі мен құндылықтарындағы ерекшеліктер қақтығысы орын алады, сондықтан да арнайы моральдық, әлеуметтік-психологиялық, саяси-құқықтық реттеуді, тікелей этносаралық байланыс саласында әлеуметтік бақылау жүргізуді қажет етеді. Қарым-қатынас мәдениеті ұлттық-мәдени дәстүрлерден тыс, өздігінен өмір сүрмейді. Ол аталған қоғамдастықтың жалпы мәдениеті контекстінде жүзеге асады. Сондықтан, ұлтаралық қарым-қатынастың мәдениеті ұлттық мәдениеттердің бір бөлігі болып табылады. Қызметтік тұрғыда ол адами қарым-қатынастардың мәдениетімен байланысты. Ол белгілі бір дәуір мен белгілі бір қоғамға тән қасиеттермен сипатталады.

Бірте бірте Қазақстан өзінің даму жолына түсуде, сонымен қатар, өзінің біртектілігі мен тұтастығын сақтай отырып, сол жолмен жүру қабілетін де қалыптастырып келеді.

Жаһандану тұсындағы қазақ ұлтының болмысына әртүрлі деңгейде ықпал етуде. Этностарға ішкі ұлтаралық ахуалдың да, тарихи отандарының да ықпалы болғаны белгілі. Біртұтас Қазақстандық қоғамдағы күнде өзгеріп тұратын күрделі ұлтаралық мәселелерді біржола шешу жолында аянбай күш жұмсап, ұлтқа қызмет етіп, әртүрлі кикілжіңдердің яғни, оның реттелуіне ақылдың, сананың, рухани адамгершіліктік қасиеттердің болуы, қоғамның, мемлекеттің, әр азаматтың күнделікті парызы деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Алматы «Социнвест», Москва «Горизонт», 1995. - 320 с.
2. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, Санат, 1994.- 416 бет.
3. Әбдіразақов Т. Қазақстанның Ресейге қосылуының ауыр зардаптары. Қазақ тарихы. 1995. №2. 39-41 бб.
4. Россия. Полное географическое описание нашего отечества: Настольная и дорожная книга для русских людей: [В 19-ти т.] / Под ред. В. П. Семенова и под общ. руководством П. П. Семенова. Т. 18: Киргизский край: [Уральская, Тургайская, Акмолинская и Семипалатинская обл.] / Сост. А. Н. Седельников, Л. П. Осипова, А. Н. Букейхапов [и др.]. - 1903. - VIII, 479 с.: ил., карт.; 6 л. ил., карт.
5. Артықбаев Ж.О. Қазақ мемлекетінің тарихындағы төре институты және төре сөзінің мағынасы туралы. Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары. Ғылыми мақалалар жинағы. Астана.- 2015.
6. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы: Оқулық / Қ.С.Қаражан, Ж.Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова, Т.Қ.Мекебаев, С.С.Саржанова, С.С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев; Ред. басқ. Қ.С.Қаражан. — Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 302 бет.
7. Токаев К.К. Векторы внешней политики. Европейское направление. Кн.2. – Алматы, ИД «Жибек жолы», 2008. – 208 с.

ӘОЖ 9. 94

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА РЕСЕЙ-ҚЫТАЙ САУДА САТТЫҒЫНЫҢ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Кенжебекқызы Райяна
rayanakenzhe@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ерменбаева Г.К.

XIX ғасырдың екінші жартысы Зайсанның енді ғана бой түзеп, қалыптасып жатқан кезеңі еді. Зайсан қаласының іргесі бастапқыда Ресей мен Қытай елдерінің арасындағы шекараны межелеу мақсатында қаланған еді. Бұл туралы саяхатшы Михаил Венюков өзінің «Исторические очерки России» атты еңбегінде атап өтеді: «Зайсан көлінің барлығы дерлік Қытай шекарасында жатты, ал оның солтүстігіндегі шекарасы Ертіс бойымен Нарымның сағасына дейін, одан әрі осы өзеннің бойымен және Алтайдың шыңдарымен өтетін. 1860 жылы Бейжіңде келісім жасалды, оған сәйкес бүкіл шекара қайта сызуға немесе, кем дегенде, қайта қарауға және жергілікті жерде нақты белгіленуге тиіс болды. Осы жағдайды пайдаланған Омбыдағы жергілікті билік қытайлардан Зайсанның екі жағындағы барлық жерлерді беруді талап етеді. Неліктен бұлай жасалғанын түсіну қиын...» [1, 149 б.]. Осыдан-ақ Зайсан қаласының қалыптасуында Ресей мен Қытай байланысының саяси маңызын білсе болады. Шығыс Қазақстан қалалары, әсіресе Өскемен, Зайсан, Семей Ресей мен Цин империясының батыс аймақтары арасындағы әйгілі сауда нүктелері болғанын өз еңбегінде Жанұзақ Қасымбаев айтып өтеді [2, 116 б.]. Яғни, қала тек саяси тұрғыда ғана емес, экономикалық тұрғыда да маңызды рөл атқарды. Географиялық тұрғыда Зайсан орналасқан жері Чугучак, Урумчи, Улюсутай, Гучен сияқты Қытай қалалары мен Семейді қосатын керуен жолында орналасқан. Қазақтардың Қытаймен сауда-саттығы сонау көне кезеңдерден басталған. Қытай деректеріне шолу жасай отырып XVIII ғасырлардан бастау алып көрсек. В. С. Кузнецов «Казахско-Китайские торговые отношения в конце XVIII века» атта мақаласында «1757 жылдың аяғында Қытай боғдыхан армиясының соққыларымен Жоңғарияда ойрат хандығы құлады. Қазақтар мен Қытай жақын маңда болды. Бұл олардың арасындағы тікелей саяси және экономикалық байланыстарға әкелді» [3, 138 б.], - дейді. Бұл қарым-қатынастарды жақындатуға екі тарап та мүдделі болды. Бұған Қытай жағы неге қызығушылық танытқаны да ашып жеткізіледі. Бұл тұста Қытай мен Жоңғария арасында үлкен келіспеушіліктер болады. Ал Қытай әскеріне жылқы қажет болады. «Өз кезегінде қазақтар Қытаймен сауда алмасуға қызығушылық танытты: олар мал үшін жібек және мақта маталарын, шай және т. б. ала алды» [3, 138 б.]. Бұл тұста Зайсан аумағы да әлі толықтай Ресей саяси құзіреттілігіне қарай қоймаған кезең. Сондықтан, қазақ саудагердері еркін сауда жасасты. Тағы бір байқайтынымыз сол кезеңнің өзіне қазақ саудагерлері Ресей мен Қытай арасында делдал болып жүргені. Бірақ бұл тұста әлі Қытай-Ресей сауда қарым-қатынастары тұрақталмаған. Кейінірек XIX ғасырдың шенінде 1864 жылғы Шәуешек, 1881 жылғы Санкт-Петербург келісім шарты нәтижесінде Қазақстан аймағы толық Ресей отарлауына өткен кезеңде Қытай мен Ресей арасындағы шиеленістер шешілді. Және Зайсан ауданының тағдыры да осы тұста шешілген еді. Кейінірек сауда қарым-қатынас мәселелерінде Ресей шешімдеріне тікелей бағына отырып жүргізілді.

Зайсан қаласы пайда болған соң ақырындап жан жақты дами бастады. Халық саны көбейіп, шаруашылық, кәсіп жағы артып, әртүрлі салалар жақсара түсті. Н.А. Мухаметжанова, Н.Д. Аманбекова «Қазақстанның шығысындағы шағын қалалардың қалыптасу тарихы» атты мақалаларында Зайсан қаласының қалыптасуына қысқаша тоқталып өтеді: «XIX ғасырдың II жартысында Ресей өкіметінің қазақ даласының отарланған жерлерін ұстап тұру үшін қорғаныс қамалы ретінде салына бастаған, дами келе қалалық мекенге айналған қалалар қатарына іргесі 1867 жылы қаланған Зайсан қаласын жатқызуға болады. Ол өзінің жағрафиялық жағынан қолайлы орналасуы негізінде Монғолиямен, Қытаймен, Ресеймен экономикалық байланысты жалғастырған, қазақ өлкесіндегі сауда - экономикалық рухани және мәдени орталықтарының біріне айналды» [4, 200 б.]. Бұл қаланың енді қалыптасып келе жатқан кезеңі болғандықтан жердің енді анықтыланып, белгіленіп жатқан

кезі. XIX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап Зайсанда саудаға ерекше мән берілді: «Зайсан өңірінде де кәсіпшілік негізі қаланды. Қазақ жерлерін қоныстанушыларға күштеп алып бергендіктен көшпелі ауылдар күйзеліп, көптеген қазақ кедейлері Зайсан сияқты қалаларға кәсіп іздеп барды» [5, 128 б.]. Ресейден қоныс аударып көшіп келгендерді жермен қамтамасыз ету үшін көшпелі халықтың жерін алып қойып, жергілікті халық та қала жағалап кәсіппен айналысуға немесе егіншілікке көшуге тура келді.

Қазақ-Қытай саудасы белгілі бір дәрежеде Ресей мен Қытай халықаралық-құқықтық регламенттеу негізінде жасасқан шарттар негізінде жүргізілді [6, 3 б.]. Белгілі бір шарттарға сүйене отырып сауда-саттық жүргізілді, мысалы, 1881 жылғы Санкт-Петербург келісімшарты. Ең бірінші кезекте құрлық сауда жолдарына тоқталып өтсек «Зайсанның географиялық орналасуын ескерсек, Семейде орналасқан Қытаймен кеденнің біреуі осында орналасқан. 1895 жылы Қытай тауарларының едәуір бөлігі үш шекаралық пункт – Зайсан, Алқабек және Катонқарағай арқылы әкетілді» [7, 214 б.].

Тауарлар тек құрлық жолы арқылы ғана емес, су жолы арқылы да тасымалданып жатты. Бұрыннан Қазақстан үшін су жолдарының маңызы зор болды. Қазақстандағы су жолдарын кеңейту арқылы Ресей сауда жолын дамытып қана қоймай, отарлауын да нығайта түсті. Су жолдарын күшейту үшін Ресей әртүрлі экспедициялар ұйымдастырды. 1868 жылы Батыс Сібірдің генерал-губернаторы генерал-адъютант А. П. Хрущевтің бастауымен болған экспедициясының нәтижесінде 80 пароход Зайсан көліне сынақ рейсін жасалды [8]. Бұл Зайсандағы ең алғашқы экспедициялар және сынақ рейсі жайлы. 1900 жылы 1 қаңтарда «Жоғарғы Ертіс пароходтық және сауда серіктестігін» құрылды, оның құрамына П.И. Березницкий, П.Ф. Плещеев, Н. К. Русанов кірді. Мұның алғашқы пароходы серіктестіктер 160 ат күші бар «Святой ключ» пароходына айналды. 1901 жылы 25 сәуірде навигацияның басталуымен «Святой ключ» пароходы көлде өзінің алғашқы сапарын жасады. Қазақ жерінің кеңдігі, су көлігінің басымдығы және құрлық жолдарының тармақталған желісінің жоқтығы анықталды. Су жолдары мен көлік желісінің болуына байланысты, өте аз болса да, жергілікті нарықтардың қалыптасуына біртіндеп жағдай жасалды және оларды аймақтық интеграциялау, сондай-ақ уақыт өте келе Бүкілресейлік нарықтық орбитаға тартуға әсер етті» [8]. Қала осындай қозғалыс көп жерде орналасқан, ең маңызды сауда нүктелерінің бірі болған соң да қаланың тезірек дамып кетуіне бір фактор болып қала бермек. Оның үстіне су жолының да дамуы, әртүрлі көпестердің ағылуына жағдай жасады. Тауарлардың жетуін де жеңілдетті. Сонымен қатар сауда-экономикалық қатынастарды бұзған тағы бір аспект пошта мен телеграф болды. XX ғасырдың басындағы кезеңнен бастап байланыс пошталық хабарламаны әзірлеуге ерекше назар аударыла бастады.

XX ғасырдың басына дейін Шыңжаңдағы Ресей көпестерінің көпшілігі өзбектер болса, 1914 жылға қарай оларды ұйғырлар, татарлар және қазақтар ығыстырды. Батыс Қытайда саудамен Семей, Верный, Жаркент, Көкпекті, Зайсан, Лепсінің қазақ көпестері айналысты. Олардың аты-жөні дереккөздерде сақталған [6, 3 б.]. XIX ғасырдың соңында Зайсан көпестер қаласына айналды. Көпестердің де қоғамда өз орны, қаланың дамуына тікелей пайдасы болды. Зерттеуші Г.Ахметова көпестердің қоғамының ерекшеліктері туралы келесідей келтіріп өткен: «Көпес табының өзіндік мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі болды, олар келесі өлшемдерден көрінді: білімге деген көзқарас; отбасына; дінге; өнер мен әдебиетке; киім-кешек, тұрмыстық заттар. XX ғасырдың басында көпестер оқу орындарын ашты 8 сыныптық коммерциялық мектеп, кәсіптік сыныптар, дайындық кәсіптік мектеп және т.б. Саудагерлер жергілікті басқару органдарында жауапты қызметтерді атқарды. Саудагерлердің ерекше жағдайы қоғамның әлеуметтік психологиясы мен менталитетіне әсер етті» [9, 20 б.]. Олар жай ғана тауар алып-сататын сөловие өкілдері емес, қоғам өмірінің әртүрлі саласында өз қажеттерін тигізе алады, соның ішінді дін және білім, архитектурада салаларында. Енді Зайсанда XIX ғасырдың екінші жартысында қандай көпестер болғанына және олардың немен айналысқанына тоқталып өтсек.

Көпестердің арасында әртүрлі ұлт өкілдері болды - көбіне қоныс-аударғандар, әсіресе, татар көпестер көбірек болды. Жергілікті халық та саудамен айналыса бастады. Зайсанның

өзінде 1-гильдиялық көпестер болмады. Тек 2 және 3 гильдияға жататын көпестер болды. Ж. К. Қасыбаев қалалардың мамандануын бөліп көрсете, солардың ішінде Зайсан қаласы әмбебап саудамен айналысқандығы туралы жазады: «Округтердің мамандануы төмендегідей көрініс тапты: Омбы, Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Зайсан, Өскемен уездерінде халық әмбебап саудамен айналысты.» [2, 18 б.]. Зайсан қаласында 8 көпес 1903 жылы 2-гильдиялық көпес куәліктерін алды. 2 көпес фамилиясы орыстілді – Филипп Казаринов пен С. Неустроев және 6 мұсылман көпесі болған [10, 119 б.]. Бұлардан басқа кедей отбасынан шыққан әйгілі қазақ көпесі Бидахмет Бобкинды айтуға болады. Бидахмет Бобкиннің қалада білім саласының дамуындағы маңызды рөлін атап өтпеске болмас. Бидахмет Бобкин Зайсан қаласынан мектеп ашып, өзі бас болып, мектепке жыл сайын 500 сомдай қаржылай көмек көрсетіп отырған, бұл туралы ақпараттар мұрағат құжаттарында және ұлттық баспасөзде де нақты жазылған. Көпестердің экономикадан басқа да салаларда қосқан үлестері мол. Жергілікті көпестер кірпіштен үйлер мен сол заманға тән сәулетімен дүкендер салады. Якуб Ахтямов «Наперекор ударам судьбы» атты естеліктер кітабында «...әкесі Ахмедзаки Ахтямов молда болған. Ол Зайсанда зәулім мешіт, қыздар мен ұлдар мектебін салды» деп айтып өтеді [11, 7 б.]. Сол кезде екі мешіт болады. Бірі қазақ мешіті, екіншісі осы татар мешіті. Баязит Сәтбаевтың салған қаладағы құрылыстардың бірі Юнус Татановтың үйі. Өлкетанушы Фемистокл Жүнісов: «Татановтың өміріне қатысты деректер өте аз, оның үйі 1918 жылы «Алаш» партиясының штаб-пәтері болғаны белгілі. Үйдің иесі Юнус Татановты үйінің ауласында ішімдікке тойып алған үш большевик төңкерісші атып өлтірген [12]. Жыл сайын мамыр айында өтетін Никольская жәрмеңкесі сауда көлемін арттырды. Көпестер жәрмеңкеге әртүрлі тауарлар әкелуге тырысты. Тауарлардың сапасы жақсы болуын, жақсы күйде жеткізілуін қадағалады. Қытайдың Қазақстанға заңды және заңсыз импортының негізгі бөлігі шай болды. Қалаларда жәрмеңкелер болды. Жәрмеңкелердің атауы және орналасқан жері: Семей (Семей), Екатеринбург (Өскемен), Никольская (Көкпекті), Введенская (Көкпекті), Қарқаралы (Қарқаралы), Никольская (Зайсан), Ботовская (Қарқаралы ауданындағы Қоянды пикетінде) [13, 214 б.].

Сол кездегі Зайсан байларының тұрмыс-тіршілігіне көз жүгіртсеңіз, олардың да бар байлығымен қарапайым халықтың қамын жеп, мұң-мұқтажын шешуге көмектескенін байқайсыз. Мысалы, Бидахмет Бобкин тек саудагер ғана емес, исламның бес шартының бірі зекетті өтейтін жомарт жан болған деседі. Сол үшін қала тұрғындары оны ерекше жақсы көретін. Біреулер етік алды, енді біреулер ішігі, төртінші-бесінші... Тіпті, балаларға сыйлық берді. Жұрт қуанса, оның жаны шаттанды. Осылайша, жәрмеңкеден оралу қалалықтар үшін жаппай мерекеге айналған нағыз мереке болды [14]. Сөйтіп қаланың дамуында көпестердің орны ерекше болды. Зайсан көпестер қаласы болғандықтан, негізінен XIX ғасыр осы көпестердің жаппай қоныстанып, қала тынысы кеңейе түсіп, өзіндік қоғамы, өмір сүру салты қалыптасқан кезеңі.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қытай мен Ресей арасындағы сауда байланысы жаңадан қалыптасқан Зайсанның дамуына айтарлықтай әсер етті. Зайсан Қытай-Ресей шекарасында орналасқандықтан, Қытайдан Ресейге және керісінше тасымалданатын тауарлардың сауда және көлік торабы қызметін бұрыннан атқарды. Сонымен қатар қаланың гүлденуіне осы фактор үлкен әсер етті десек болады. Қытай мен Ресей арасындағы сауда көлемін арттыру Зайсандағы транзиттік жағдайды дамытуға, қалаға халықтың тартылуына ықпал етті. Сондай-ақ қалада қызмет пен тауарларға сұраныстың артуы оның экономикалық дамуын ынталандырды. Сауда-саттықтың дамуы арқасында Зайсан саудагерлердің өз қолдарымен тұрғызған қаласына айналды. XX ғасырдың бас кезеңіне дейін көпестер қалада мектеп салып білім саласына үлестерін қосты. Мешіт салып діни салада да қолдау білдірді. Кем-кетік, кедейлерді де қамтамасыз етті. Ақыр аяғы саясаттан да тыс қалмады. Ж. Қасымбаев өз еңбегінде «Соған қарамастан, өз саласына жаңа елді мекендерді көбірек тарту. Бұрын жай ғана нүкте болған Зайсан сауда орталығына айналды», деп көрсетеді [2, 109 б.].

Осылайша Зайсан қаласы Ресей мен Қытай сауда қатынасында, географиялық ерекшелігіне бола маңызды нүктелердің біріне айналған соң, XIX ғасырдың екінші жартысында жаңадан іргесі қаланған қала тез арада гүлденіп үлгерді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Венюков М. И. Исторические очерки России со времени Крымской войны до заключения Берлинского договора 1855-1878. - Лейпциг, 1878, VIII, 431 б.
2. Касымбаев Ж. К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917. - Алма-Ата: Ғылым, 1990, 180 б.
3. Кузнецов В.С. Казахско-Китайские торговые отношения в конце XVIII века // Труды института истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова Академии наук Казахской ССР, Т. 15, 196, 138-145 бб.
4. Мухаметжанова Н.А., Аманбекова Н.Д. Қазақстанның шығысындағы шағын қалалардың қалыптасу тарихы (XIX ғ.) // Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ Хабаршысы, №4 (64), 2013, 197-200 бб.
5. Байбатыров Ф. Зайсан. Өлкетану тақырыбындағы тарихи-танымдық туындылар. – Астана: Фолиант, 2014, 344 б.
6. Галиев В. В. Казахстан в системе российско-китайских торгово-экономических отношений в Синьзяне (Конец XIX - начало XX вв.): автореф. Дис... канд. ист. наук.- Алматы, 1997, 20 б.
7. Керейбаева А. С. Города степного края как центры перевалочной торговли // Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ Хабаршысы, №4 (64)2013, 213-217 бб.
8. Габдулина А. Ж. История развития купеческой торговли, судоходства и промышленности во второй половине XIX - начале XX вв. в Казахстане.- Нур-Султан. - URL: <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5461.27>
9. Ахметова Г. М. Торговая буржуазия Северо-Восточного Казахстана в конце XIX - начале XX веков : автореф. Дис... канд. ист. наук. - Усть-Каменогорск, 2002, 24 б.
10. Горбунова С. В. Крещенные казахи Российской империи: [Электрондық ресурс]. - URL: <http://new.hist.asu.ru/biblio/zalk/247-252.pdf>
11. Ахтямов Я. Наперекор ударам судьбы. - Челябинск, 1997, 6-20 бб.
12. Штаб-квартира в Зайсане и судьба Татанова. Электронды ғылыми журнал <https://e-history.kz/ru/news/show/4071>
13. Керейбаева А. С. Национально-конфессиональный и половозрастной состав купечества Степного края второй половины XIX — начала XX в. // Россия, 76-79 бб.
14. Милостивый благодетель. Электронды ғылыми журнал - URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/4040>

UDC 9.94

DAILY LIFE AS A SOCIAL PHENOMENA

Kaliaskarova Gulfaruz

k.gulfaruz@gmail.com

2nd year PhD doctoral student of L. N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

Scientific advisor - professor G. T. Musabalina

Everyday life is a specific subject of study in microsociology, intricately linked with the concepts of practice, interaction, and the socio-cultural organization of individuals' daily lives. The keen interest in the study of everyday life within the social sciences and humanities emerged in the